

**"2020-2022 жылдарға арналған Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің бюджеті туралы"
Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 366 шешіміне
өзгерістер енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 24 тамыздағы № 469 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 27 тамызда № 7604 болып тіркелді. Мерзімі біткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Кодексінің 109-1-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2020-2022 жылдарға арналған Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің бюджеті туралы" Қазалы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 366 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7129 нөмерімен тіркелген, 2020 жылғы 11 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің бюджеті 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 136927 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 2817 мың теңге;

трансферттер түсімдері – 134110 мың теңге;

2) шығындар – 136927 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0;

бюджеттік кредиттер – 0;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0;

қаржы активтерін сатып алу – 0;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 0."

2-тармақтың 1), 2) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"1) әкім аппараты қызметін қамтамасыз ету шығындарына 9272 мың теңге;

2) көлік инфрақұрылымын орташа жөндеуге 5804 мың теңге."

3-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) білім беру 7366 мың теңге;"

Аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазалы аудандық мәслихатының кезектен тыс LХІІІ сессиясының
төрағасы *Ж. КОЛАНОВА*

Қазалы аудандық мәслихат хатшысы

К. НАЗЫМБЕКОВ

Қазалы аудандық мәслихатының
2020 жылғы 24 тамызы

№ 469 шешіміне қосымша

Қазалы аудандық мәслихатының
2019 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 366 шешіміне 1-қосымша

2020 жылға арналған Ғ.Мұратбаев ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
		Кіші сыныбы	
			Атауы
			1. Кірістер
1			Салықтық түсімдер
	01		Табыс салығы
		2	Жеке табыс салығы
	04		Меншікке салынатын салықтар
		1	Мүлікке салынатын салықтар
		3	Жер салығы
		4	Көлік құралдарына салынатын салық
4			Трансферттердің түсімдері
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер

Функционалдык топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			Атауы	
			2. Шығындар	136927
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	38412
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	38412
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	32712
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5700
4			Білім беру	69615
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	69615
		041	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	69615
7			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	7679
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	7679
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	5226
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	447
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	2006

8			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	15417
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	15417
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	15417
12			Көлік және коммуникация	5804
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	5804
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	5804
			3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5. Бюджет тапшылығы (профициті)	(0
			6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	(0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК